

# KASE

## АПТАЛЫҒЫ

13 – 17 қараша,  
2017

### KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ 2017 жылдың 10 қазанынан бастап KASE жаңа редакциядағы Ақпараттық саясаты қолданысқа [енгізілді](#). Жаңа редакциядағы саясат бұрынғы редакциядағы саясатты актуалдандыру мақсатында әзірленді және KASE ақпараттық саясатына негізгі көзқарасын анықтайды, сонымен қатар ақпаратты ашудың ортақ қағидалары, KASE ақпаратын ашу тәртібінің және өзге тұлғалармен ақпараттық қарым-қатынасының негізгі қағидалары, KASE брендин өзге тұлғалардың пайдалануы туралы қағидаларды анықтайды.
- ▲ 2017 жылдың 29 қарашасындағы "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіне толықтырулар [енгізілді](#).
- ▲ 17 қарашада "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының құрылғанына 24 жыл толды. 24-ші жылды KASE барлық бағытта оң динамикамен қарсы алды, оның ішінде KASE Индексінің өсуі, эмитенттер мен жеке тұлғалардың шотының өсуі, акциялар мен облигациялардың капиталдандырылуы, т.б. KASE осы жеткен жетістіктерімен тоқтап қалмақ емес, әрі қарай өзінің 2016-2018 жылдарға арналған даму [стратегиясын](#) жүзеге асыруды жалғастыруда.

### ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- ▲ Ұлттық Банк "Хоум Кредит энд Финанс Банк" Еншілес Банкі АҚ Fitch Ratings агенттігі банктің және оның облигацияларының рейтингілік бағасын растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты"
- ▲ "Банк "Bank RBK" АҚ корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғалғаны туралы [хабарлады](#). Талапкерлер акционерлердің кезектен тыс жиналысының шешімін даулауға жиналған жеке тұлғалар болып табылады.
- ▲ "ҚазТрансОйл" АҚ Ресейде шығарылған мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына транзиттеу мақсатында тасымалдау бойынша "ҚазТрансОйл" АҚ қызметтерінің тарифтері мен құны бекітілгені туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Банк "Bank RBK" АҚ Standard & Poor's агенттігінің банктің рейтингілік бағалауы туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Компания Фазтон" ЖШС 2017 жылдың 10 қарашасындағы қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысының хаттамасын [ұсынды](#), онда компания айналым мерзімі 7 жылдық, 500 млн теңге көлеміндегі облигацияларын алғашқы орналастыру бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттықты ұйымдастыруды жоспарлап отыр .
- ▲ "АТФБанк" АҚ Standard & Poor's агенттігі банктің рейтингілік бағасын растағаны және CreditWatch тізімінен шығарғаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ 17 қарашада "АТФБанк" АҚ Moody's Investors Service агенттігі банктің рейтингілік бағасын арттырғаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".



Осы аптада инвесторлар біршама белсенділік танытты. Қазақстан қор биржасында акциялармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі бір аптада 2,2 млрд теңгені құрап, өткен аптаның сәйкес кезімен салыстырғанда 02 есе артты. сауда-саттықтың үлкен көлемі мобильдік оператор KCEL мен Bank of America акциялары бойынша тіркелді. Апта қорытындысы бойынша KASE Индексі 0,14% -ға дейін өсіп, 2 070,1 нүктеге жетті.

Мұнай құнының артуы себебінен Қазмұнайгаз Барлау Өндіру акциялары өсіп, бір аптада бағасы 4,7% -дан 22 402 теңгеге дейін артты.

**KASE индексінің акциялары**



**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**



17.11.2017

Трендтер (%)

KASE Индексі	2 070,1	0,1	1,1
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
QAZKOM (прив.)	105,0	16,7	-1,9
РД КазМунайГаз (прив.)	9 190,0	12,06	19,4
Казакхтелеком (прив.)	8 858,0	5,6	17,8
Аэрофлот (Россия)	981,0	5,0	-7,6
<b>РД КазМунайГаз</b>	22 402,0	4,7	13,7
<b>Kcell</b>	1 810,0	3,08	-2,1
<b>Народный банк</b>	80,0	1,9	1,8
Банк ЦентрКредит	199,7	1,8	26,6
Bank of America	9 000,0	1,5	3,0
Сбербанк (Россия)	1 250,0	1,2	9,7
АЗМ	12 319,6	0,7	0,7
Банк Астаны	1 240,0	0,3	4,2
<b>KEGOC</b>	1 379,6	0,0	-2,4
<b>КазТрансОйл</b>	1 329,0	-0,2	1,0
БАСТ	55 955,0	-0,9	-1,8
Газпром (Россия)	738,2	-1,5	2,2
<b>KAZ Minerals</b>	3 405,0	-3,8	-8,7
<b>Казакхтелеком</b>	20 600,0	-4,8	5,1
QAZKOM	155,5	-6,8	3,7

Бір аптада акциялар индексінің 7-нен 4 қызыл аймаққа түсті. Акциялары құлдыраудан алғашқы орында Қазақтелеком акциялары тұр, олар бір аптада 5%-дай дерлік жоғалтып, бір акция 20 600 теңгеге дейін арзандады. Осының алдында Standard & Poor's агенттігінің компанияның рейтингілік бағасы артыруына байланысты акциялар өзінің бес жылдық максимум деңгейіне қол жеткізді. Алайда, ағымдағы аптада акциялар жоғарғы деңгейде тұрақтай алмай, түзетулерге ілікті.

Қазақстан қор биржасында ҚР Қаржы Министрлігінің 3 шығарылым облигациялары орналастырылды. 13 қарашада Қаржы Министрлігі Қазақстан қор биржасында өтеу кірістілігі жылдық 8,85%, өтеу мерзімі 4,2 жыл немесе 1510 күнді құрайтын, 16,1 млрд теңгені тартты.

15 қарашада мерзімі 2 084 күн (5,8 жыл) жылдық 8,89% 9,3 млрд теңге тартылды. 17 қарашада Қаржы Министрлігі мерзімі 3.6 жыл мерзімге жылдық 8,85% 6,8 млрд теңгені тартты.


16 қарашада Қазақстан қор биржасында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі 2,8 млрд теңгені тартты. Облигациялардың шығарылым мерзімі жылдық кірістілігі 0,35% 2 жылды құрады.




Валюталық своп операцияларымен кірістілігі бір аптада 62 б.н. төмендеп, теңгенің АҚШ долларына қатынасы нығаюына қатысты жылдық 9,29% құрады. Репо сегментінде кірістілігі 6 б.н. төмендеп, жылдық 9,26 % құрады.

Ұлттық банк нарықтағы артық өтімділікті тартып алуды жалғастыра отырып, бір аптада биржадан тыс әртүрлі айналым мерзімімен 7 шығарылым ноттарын орналастырды. 7 күндік ноттар бойынша кірістілігі өзгерген жоқ, жылдық 9,25 % құрады. Орналастыру көлемі 1035 млрд теңгеге жетті. 28 күндік ноттар бойынша мөлшерлеме жылдық 9,39 % жетті, орналастыру көлемі 191 млрд теңгені құрады. 91 күндік ноттар бойынша мөлшерлеме жылдық 9,24 % құрады, орналастыру көлемі 41,8 млрд теңге. Жиынтық сұраным ұсынымнан 28,5% жоғары, ал бір апта бұрын ұсыным сұранымнан 26% жоғары болған.

### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




### Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы



\*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

### Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Апта қорытындысы бойынша доллар бағамы 0,1% немесе 0,36 теңгеге төмендеді, яғни 332,21 теңгеге дейін. Сауда-саттық көлемі 5 күнде 749 млн долларға жетті, ол өткен аптамен салыстырғанда 64% артқан. Мұнай бағасының \$60 көлемінде көтерілуіне байланысты Ұлттық валютаны нығаюы төртінші апта қатарынан байқалып келеді, сондай-ақ US Treasuries бойынша кірістілігі төмендеуі дамушы нарық құралдарының тартымдырақ бола бастауына байланысты болып отыр.


Рубль бір апта ішінде 2017 жылдың 15 тамызынан бастап, 0,6% минималдық мәніне дейін әлсіреп, 5,5781 теңгені құрады. Сауда-саттық көлемі 357,0 млн рубльді құрады, ол өткен аптамен салыстырғанда 38% артты.

Юань бағамы бір аптада 46 тиынға төмендеп, 50,075 теңгені құрады.

Еуро бағамы 392,65 теңгені құрады.

### Шет ел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.17)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2017, %
— GBPKZT	438,21	+0,5	-0,8	+6,9
— USDKZT	332,38	-0,2	-0,3	-0,3
— EURKZT	391,28	+1,3	-0,2	+11,0
— CNYKZT	50,15	-0,0	-0,5	+4,4
— RUBKZT	5,55	-1,1	-4,6	+2,2

Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

### Brent мұнай құны

USD/баррель





Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	2 578,85	-0,1	0,7	17,9	-0,1
Dow Jones	23 358,24	-0,3	0,9	23,6	-0,3
PTC	1 132,45	-2,1	-1,3	13,7	-2,4
ММББ	2 131,91	-1,7	1,8	4,4	-2,4
Hang Seng	29 199,04	0,3	1,7	31,2	0,4
SS CSI 300	4 120,85	0,2	4,5	19,9	0,1
Euro Stoxx 50	3 547,46	-1,3	-2,0	16,6	-1,2
FTSEuroFirst	4 251,50	-1,6	-1,6	11,4	-1,6
FTSE 100	7 380,68	-0,7	-2,2	8,6	-0,5
KASE	2 070,10	0,1	1,1	55,4	

Шикізат нарығы

17.11.2017

Атауы	Бағасы	Тренд %	
		7к	1а
Мұнай	62,72	-1,3	7,9
	56,55	-0,3	8,7
Табиғи газ	3,10	-3,6	8,5
Мыс	306,70	-0,3	-3,5
Темір	475,50	3,3	2,3
Алтын	1 292,42	1,4	0,9
Күміс	17,37	3,0	2,2
Астық	427,25	-1,0	-0,6

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
20.11 Драги ЕОБ басшының сөзі	EUR		
22.11 Федералды резервтегі Йелленің сөзі	USD		
22.11 Төзімді тауарларға арналған тапсырыстар (а/а) (қаз)	USD	0,5%	0,7%
22.11 Шикі мұнай қоры	USD	-2,200M	1,854M
22.11 FOMC хаттамаларын жариялау	USD		
23.11 Ақша-кредит саясаты жөніндегі ЕЦБ отырысының хаттамасы	EUR		
23.11 Қызмет көрсету сектор. іскерлік белсенділіктің индексі (қар)	EUR	55,2	55,0

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард  
М – миллион  
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	7,7 %	01.11.17	8,5 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 844	01.11.17	29 530
Қаржы базасы, млрд KZT	5 690,8	01.11.17	5 162,2
Қаржы массасы, млрд KZT	20 508,5	01.10.17	19 912,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-тұрақты	08.09.17	BBB- негативті
	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 негативті
	BBB тұрақты	20.10.17	BBB тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
«Almaty Towers»

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.